

2011 жылғы арналған Айыртау ауданы бойынша субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі N 317 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 19 қазанда N 13-3-141 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 6 қаңтардағы N 3 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2012.01.06 N 3 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған Айыртау ауданы бойынша субсидияланған басымды ауыл шаруашылық дақылдардың әр түрлері бойынша субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім берудің мерзімдері отандық өндірушілер өндірген (формуляцияланған) тыңайтқыштардың (органикалықтарды қоспағанда) құнын арзандатуға 2011 жылғы 1 сәуірден 2011 жылғы 20 желтоқсанды қоса белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 сәуірден бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі	Е. Жанділдин		
Айыртау	ауданы		әкімдігінің
2011	жылғы	16	қыркүйектегі
№	317		қаулысына
қосымша			

2011 жылға арналған Айыртау ауданы бойынша субсидияланған басымды ауыл шаруашылық дақылдардың әр түрлері бойынша субсидия алушылар

тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдері 2011 жылғы 1 сәуірден 2011 жылғы 20 желтоқсанды қоса

№ р/с	Жер өңдеу аймағы	Дақылдар
1	2	3
1	II - дала, тегіс жер, шок далалы	<p>Дәнді дақылдар және бұршақ тұқымдастар</p> <p>Жаздық бидай, орташа-кеш, орташа пісетін</p> <p>Жаздық бидай, орташа-ерте</p> <p>Қыстық бидай</p> <p>Қыстық қара бидай</p> <p>Арпа орта-кеш сорттары</p> <p>Арпа орташа пісетін сорттары</p> <p>Сұлы</p> <p>Қарақұмық</p> <p>Тары</p> <p>Бұршақ тұқымдастар (бұршақ)</p> <p>Майлы дақылдар:</p> <p>Рапс (дәстүрлі технология бойынша)</p> <p>Рапс (минималды және нөлдік технология бойынша)</p> <p>Лен, қыша, беде қыша</p> <p>Лен (минималды және нөлдік технология бойынша)</p> <p>Күнбағыс май тұқымына</p> <p>Картоп</p> <p>Көкөніс және бақша өнімдері</p> <p>Қорғалған жер көкөністері</p> <p>Жемшөптік:</p> <p>Көпжылдық бұршақ тұқымдастар бір жылдық, екі жылдық және үш жылдық шөптер</p> <p>Бір жылдық егістен басқа да көп жылдық шөптік өсімдіктер</p> <p>Сүрлемге жүгері және күнбағыс</p> <p>Бір жылдық шөптер</p>
		<p>Дәнді дақылдар және бұршақ тұқымдастар:</p> <p>Жаздық бидай, орташа-кеш, орташа пісетін</p> <p>Жаздық бидай, орташа ерте</p> <p>Қыстық бидай</p> <p>Қыстық қара бидай</p> <p>Арпа орташа кеш сорттары</p> <p>Арпа орташа пісетін сорттары</p> <p>Сұлы</p> <p>Қарақұмық</p> <p>Тары</p>

2	IV - таулытас және таушықтасты (Көкшетау биіктігі шегінде)	Бұршақ тұқымдастар (бұршақ)
		Майлы дақылдар:
		Рапс (дәстүрлі технология бойынша)
		Рапс (минималды және нөлдік технология бойынша)
		Лен, қыша, беде қыша
		Лен (минималды және нөлдік технология бойынша)
		Күнбағыс май тұқымына
		Картоп
		Көкөніс және бақша өнімдері
		Қорғалған жер көкөністері
		Жемшөптік:
		Көпжылдық бұршақ тұқымдастар бір жылдық, екі жылдық және үш жылдық шөптер
		Бір жылдық егістен басқа да көп жылдық шөптік өсімдіктер
		Сүрлемге жүгері және күнбағыс
		Бір жылдық шөптер